

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 27 қазандағы № 547 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 қазанда № 33586 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-3-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 22) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-3-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңы) 10-бабының 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 22) тармақшасына сәйкес әзірленген және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау және "Жоғары білім беру бағдарламалары

бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайды.

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына (бұдан әрі–ЖЖОКБҰ) адамдарды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың бюджеттен тыс және өз қаражаты есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

ЖЖОКБҰ үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша қабылдауды бакалавриаттың, магистратураның, резидентураның білім беру қызметіне лицензияға қосымшалар болған кезде жүзеге асырады.";

12-тармақтың екінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30139 болып тіркелген) білім беру бағдарламалары тізілімінде білім беру бағдарламасы болмағанда немесе алынып тасталғанда қабылдауды іске асырмайды.";

33-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"33. ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар ЖЖОКБҰ-ға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы немесе www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Үлгілік қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсынады.";

33-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, "электрондық

үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге жолдауды қамтамасыз етеді.";

33-2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. ЖЖОКБҰ меншік нысанына қарамастан, қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға ЖЖОКБҰ-ға студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.";

Үлгілік қағидаларға 1, 2 және 2-1-қосымша осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-3-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңы) 10-бабының 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 22) тармақшасына сәйкес әзірленді және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау және "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайды.

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) магистранттарын, докторанттарын қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың бюджеттен тыс және өз қаражаты есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының, ЖЖОКБҰ мен ғылыми ұйымдардың (бұдан әрі – ғылыми ұйымдардың) резидентурасы тыңдаушыларын

қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың бюджеттен тыс және өз қаражаты есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

ЖЖОКБҰ үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша қабылдауды бакалавриаттың, магистратураның, резидентураның білім беру қызметіне лицензияға қосымшалар болған кезде жүзеге асырады.

Бұл ретте, ЖЖОКБҰ мынадай жағдайларда:

1) білім саласындағы уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және күшін жою туралы шешім қабылдағанда;

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдары мен әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда институционалды аккредиттеу болмағанда, және ол тоқтатылғанда, қайтарылғанда не жарамдылық мерзімі өткенде;

3) мемлекеттік бақылау нәтижесі және (немесе) оның қорытындысы бойынша сот ісі кезеңінде өрескел қате анықталғанда;

4) "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30139 болып тіркелген) білім беру бағдарламалары тізілімінде білім беру бағдарламасы болмағанда немесе алынып тасталғанда қабылдауды жүзеге асырмайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. ЖЖОКБҰ магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдау ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан 5 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 25 қазаннан 10 қарашаға дейін.

IELTS (International English Language Tests System (Интернационал Инглиш Лангудж Тестс Систем), TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Интернет бейзид тест), DSH (Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган), TestDaF-Prüfung (тестдаф-прюфун), TFI (Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ), Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз), DALF (Diplome Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз), TCF (Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттары және стандартталған

GRE (Graduate Record Examinations (Грэдуэйт рекорд экзаменейшенс) тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаттары бар тұлғаларға КТ-ға электронды форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізу қажет.

Жоғарыда көрсетілген сертификаттардың балдарын аудару республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш бергеннен кейін немесе Қағидаларға 1-2, 2, 3-қосымшаларға сәйкес ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылданған кезде жүзеге асырылады.

Магистратураға түсушілер үшін араб тілінен түсу емтиханы және шығармашылық емтихандар ЖЖОКБҰ-да келесі мерзімдерде өткізіледі:

- 1) күнтізбелік жылғы 16 шілдеден 25 шілдеге дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 21 қарашадан 28 қарашаға дейін.

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының, сондай-ақ ЖЖОКБҰ резидентурасына түсушілердің өтініштерін қабылдауды күнтізбелік жылғы 3-25 шілде аралығында ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары жүргізеді. Резидентураға түсу емтихандары күнтізбелік жылғы 8-16 тамыз аралығында өткізіледі.

Білім беру ұйымдарының немесе денсаулық сақтау саласындағы ғылым ұйымдарының қысқартылған резидентура бағдарламаларына түсушілердің өтініштерін қабылдауды қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде жеке оқу жоспары бойынша және тек ақылы негізде жүргізеді.

ЖЖОКБҰ докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдауды ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары және ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүргізеді:

- 1) күнтізбелік жылғы 3 шілдеден 3 тамызға дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 25 қазаннан 10 қарашаға дейін.

GRE (Graduate Record Examinations (Грэдуэйт рекорд экзаменейшенс) халықаралық стандартталған тест сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Көрсетілген сертификат балдарын түсу емтиханының балдарына ауыстыру Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш берген кезде жүзеге асырылады.

"Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) мүгедектікті белгілеу туралы құжатты көрсеткен кезде көру, есту, тірек-қимыл аппараты функциялары бұзылған мүгедектігі бар адамдар қосымша

тестілеуге және түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген кезде түсу емтиханы шеңберінде тапсырылатын пәндердің оқытушысы болып табылмайтын көмекшіні ұсыну қажеттігі туралы қосымша көрсетеді.

Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 4 тамыздан 20 тамызға дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.

Түсуші өтініш беру кезінде бір ЖЖОКБҰ мен бір білім беру бағдарламасының тобын көрсетеді.

Докторантураға түсуші тұлғалар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:

- 1) еркін нысандағы өтініш;
- 2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) шетелдік азаматтарды қоспағанда, ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ);
- 5) шет тілін меңгергенін растайтын сертификат:
ағылшын тілін меңгеру бойынша:

International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.5;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 46 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл кемінде – 460;

неміс тілін меңгеру бойынша:

Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang Niveau B2 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B2) (DSH, Niveau B2) (ДЙСИЭИЧ, ниво B2) – B2 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-Pruefung Niveau B2 (тестдаф-прюфун ниво B2) (TDF Niveau B2) (ТЙДИЭФ, ниво B2) - B2 деңгейінен төмен емес;

француз тілін меңгеру бойынша:

Test de Français International (Тест де франсэ Интернасиональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тындау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес;

Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELFI) (ДЭЛФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue français (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) - B2 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (ТСФ) (ТСФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

8) шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын құжат;

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізімі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе;

10) алдын ала іріктеу нәтижелері ("Денсаулық сақтау" білім саласы бойынша);

4), 5) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады, салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді (бұдан әрі – қосымша тестілеу) тапсырады.

Қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Қосымша тестілеуді ҰТО ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның жеке кабинеті арқылы жолданады.

Қосымша тестілеу нәтижелері қосымша тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында көрсетіледі.

Қосымша тестілеу нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында жарияланады және расталады және түсушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

4-20 тамыз аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты күнтізбелік ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды.

18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Магистратура мен докторантураға қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 15 тамыздан 28 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін.";

10-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Магистратураға немесе резидентураға түсуші адамдар күнтізбелік жылғы 25-28 тамыз аралығында ЖЖОКБҰ – ға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Үлгілік қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын тапсырады.";

10-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге жолдауды қамтамасыз етеді.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

КТ-ны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында расталады.

Түсу (шығармашылық) емтихандарын және КТ-ны тапсырған жылы қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар осы Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өткізіледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандарды жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізетін ЖЖОКБҰ дербес өткізеді. Бұл ретте түсушілер шығармашылық емтиханды жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша оқуға түсетін ЖЖОКБҰ-да тапсырады.

Магистратураға шығармашылық емтиханды өткізу кезеңінде ЖЖОКБҰ-да шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

Емтихан комиссияларының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылық құрамының қатарынан құрылады және комиссия төрағасын комиссия мүшелерінің арасынан сайлай отырып, ЖЖОКБҰ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Шығармашылық емтихандарын өткізу бағдарламаларын ЖЖОКБҰ әзірлейді және ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтихан өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және түсушілердің назарына құжат қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі.

Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

Шығармашылық емтихан өткізу қорытындысы баға ведомосымен және комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді, нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

ЖЖОКБҰ меншік нысанына қарамастан, күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде түсу үшін ведомостан үзінді береді.

Араб тілінен түсу емтихандарын жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізетін ЖЖОКБҰ дербес жазбаша түрде өткізеді. Бұл ретте түсушілер араб тілінен түсу емтиханын оқуға түсетін ЖЖОКБҰ-да тапсырады.

Араб тілінен түсу емтиханын өткізу кезеңінде ЖЖОКБҰ-да емтихан комиссиясы құрылады.

Емтихан комиссиясының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылық құрамының қатарынан құрылады және комиссия төрағасын комиссия мүшелерінің арасынан сайлай отырып, ЖЖОКБҰ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Араб тілінен түсу емтихандарын өткізу бағдарламаларын ЖЖОКБҰ әзірлейді және ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Араб тілі бойынша емтихандардың кестесін (емтихан өткізу күні, уақыты мен өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және түсушілердің назарына құжат қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі.

Араб тілінен түсу емтихандары бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

Араб тілінен емтиханды өткізу қорытындылары баға ведомосымен және комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді, нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

ЖЖОКБҰ меншік нысанына қарамастан, араб тілі бойынша емтихан аяқталғаннан кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда араб тілінен емтиханды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы араб тілінен түсу емтиханының нәтижелері бойынша түсушіге араб тілінен емтихан тапсыру орнына қарамастан, ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде түсу үшін ведомостан үзінді береді.";

17-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге жолдауды қамтамасыз етеді.";

19-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қосымша тестілеуді ҰТО ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.";

20-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматтағы түсу емтиханы 5-қосымшаға сәйкес ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі.";

20-1-тармақта:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте, көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектерге "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) бекітілген мүгедектікті белгілеу туралы құжатты ұсынған жағдайда түсу емтиханын тапсыруға 60 минутқа дейін қосымша уақыт беріледі.";

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Түсу емтиханы аяқталған соң түсушінің эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімдері бойынша жауаптары осы білім беру бағдарламасы топтары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы және (немесе) лицензиясына қосымшасы бар ЖЖКОБҰ ұсынған сарапшылармен өңдеу және бағалау үшін ҰТО-ға жіберіледі. Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бөлімі бойынша түсушінің жауаптарын ҰТО өңдейді.";

20-3 тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"20-3. Қосымша тестілеуді және түсу емтиханын өткізу үшін жергілікті жерлерде қосымша тестілеуді және түсу емтиханын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі өңірлік мемлекеттік комиссиялар құрылады, оларды ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекітеді.";

тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қосымша тестілеуді және түсу емтиханын өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарға әкімшілер, сондай-ақ ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның, басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволар қызметкерлерінің, азаматтық қоғам институттары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатарынан бақылаушылар жіберіледі.";

20-5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20-5. Қосымша тестілеу және түсу емтиханы кезеңінде және аяқталғаннан кейін бейнебақылау жазбаларын қарау және (немесе) түсушілердің тіркеу файлдарын (

логтарын) тексеру барысында анықталған түсушілердің аудиториядағы тәртіп сақтау қағидаларын бұзу және (немесе) КТ тапсыру кезінде тестілеу жүйесіне араласу немесе араласуға әрекет жасауға қатысты бұзушылықтарды қарастыру үшін КТ барысында туындаған күтпеген жағдайлар бойынша шешім қабылдау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамына ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның және ҰТО-ның өкілдері кіреді.

Комиссияның функциялары:

1) қосымша тестілеу және түсу емтиханын өткізу кезіндегі күтпеген жағдайларда шешімдер қабылдау;

2) қосымша тестілеу және түсу емтиханын өткізу кезеңінде бейнебақылау жазбаларын қарауды және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру бойынша түсушілердің Қағидалардың 20-3 және 20-4 тармақтарында көрсетілген ережелерді бұзғаны және тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталған жағдайда қосымша тестілеу және түсу емтиханы нәтижелерінің күшін жою туралы шешім қабылдау;

3) қосымша тестілеу мен түсу емтиханын өткізу кезеңі аяқталғаннан кейін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға қосымша тестілеу мен түсу емтиханының нәтижелерін (қосымша тестілеу балдары және түсу емтиханының сертификаты) жоюға ұсыну.

Қосымша тестілеуді және түсу емтиханын өткізу кезеңінде күнтізбелік жылғы 4 тамыз бен 20 тамыз және/немесе 19 қараша мен 11 желтоқсан аралығында ҰТО қосымша тестілеудің және түсу емтиханының бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады және тестілеу жүйесіне (электрондық форматқа) түсушілердің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеруді жүргізеді және түсушілердің қосымша тестілеу және түсу емтиханы уақытында Қағидалардың 20-3 және 20-4-тармақтарында көрсетілген тыйым салынған заттарды пайдаланғандығы және (немесе) ереже бұзғаны анықталған жағдайда және тестілеу жүйесіне түсушілердің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижелері бойынша ҰТО-мен Қағидаларға 12-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша тестілеу немесе түсу емтиханы кезінде тыйым салынған заттарды пайдаланған, тәртіп сақтау ережесін бұзған және (немесе) тестілеу жүйесіне араласу әрекеті немесе араласуы анықталған түсушілерді анықтау туралы акт жасалады. Комиссия шешімімен қосымша тестілеу нәтижелері және түсу емтиханының сертификаты жойылады.

Қосымша тестілеудің нәтижелері жойылған жағдайда түсушілер түсу емтиханына жіберілмейді. Түсу емтиханының сертификаты жойылғаннан кейін ҰТО түсушіге және ЖЖОКБҰ-ға хабарлама жібереді.

Түсуші ағымдағы жылы түсу емтиханына жіберілмейді.

ҰТО күнтізбелік жылғы 4 тамыз бен 20 тамыз және/немесе 19 қараша және 11 желтоқсан аралығында өткізілген қосымша тестілеу және түсу емтиханы аяқталғаннан кейін бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады және тестілеу жүйесіне (электрондық форматқа) түсушілердің тіркеу файлдарын (логтарын) 3 (үш) ай ішінде тексеруді жүргізеді.

Қосымша тестілеу және түсу емтиханында және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижесі бойынша, түсушілердің Қағидалардың 20-3 және 20-4 тармақтарында көрсетілген ережелерді бұзғаны үшін және (немесе) тыйым салынған заттарды пайдаланғандығы анықталған жағдайда, ҰТО еркін түрде акт толтырады және растайтын материалдарымен бірге ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Акт және растайтын құжаттар ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен құрылған комиссияның қарауына ұсынылады. Комиссияның шешімі бойынша қосымша тестілеудің нәтижелері, түсу емтиханының сертификаты ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен жойылады.

Қосымша тестілеу, түсу емтиханы және (немесе) түсу емтиханы сертификатының нәтижелері жойылғаннан кейін ҰТО ЖЖОКБҰ-ға және оқуға түсушіге оның жеке кабинеті арқылы хабарлама жібереді.

Бұл ретте нәтижесі жойылған түсуші ағымдағы жылы қосымша тестілеуге және түсу емтиханына жіберілмейді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган емтихан және апелляциялық комиссия сарапшыларымен жүзеге асырылатын докторантураға түсушілердің жұмыстарын бағалауға мониторинг жөніндегі Комиссияны құрайды.

Мониторинг жөніндегі Комиссия күнтізбелік жылғы 4 тамыз бен 20 тамыз және (немесе) 19 қараша және 11 желтоқсан аралығында өткізілген түсу емтиханы аяқталғаннан кейін емтихан және апелляциялық комиссия сарапшыларымен жүзеге асырылатын докторантураға түсушілердің жұмыстарын бағалауды 3 (үш) ай ішінде жүргізеді.

Емтихан және (немесе) апелляциялық комиссиялары тарапынан бұзушылықтар анықталған жағдайда, комиссияның шешімі бойынша ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен түсу емтиханының нәтижелері мен оқуға түсушінің сертификаты жойылады және ЖЖОКБҰ-ға хабарлама жіберіледі.

ЖЖОКБҰ білім алушыны оқудан шығаруды жүзеге асырады.";

22-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып ЖЖОКБҰ басшысының бұйрығымен бекітіледі және ғылым және жоғары білім және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.";

23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"23. ЖЖОКБҰ-лар және ғылыми ұйымдар түсу (шығармашылық) емтихандарын өткізуге күнтізбелік жиырма күн қалғанға дейін ҚР ҒЖБМ және ҚР ДСМ-ге докторантура, магистратура, резидентура білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу (шығармашылық) емтихандарын өткізудің кестесін жібереді.

24. Түсу (шығармашылық) емтиханының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін ЖЖОКБҰ және ғылыми ұйымдарда апелляциялық комиссиялар құрылады.

КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін, сондай-ақ докторантураға түсу емтихандарын қарастыру үшін ҚР ҒЖБМ жанында Республикалық апелляциялық комиссия құрылады. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ҚР ҒЖБМ бұйрығымен бекітіледі.

КТ-ны қағаз форматта жүргізген кезде әр КТ өткізу пунктінде апелляциялық комиссиялар құрылады. Апелляциялық комиссиялардың төрағалары ҚР ҒЖБМ бұйрығымен бекітіледі.";

26-1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"26-1. Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы бойынша апелляцияға өтініш нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ден 13:40-ға дейін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдардың базасында қабылданады.";

он төртінші бөлік алып тасталсын;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. ЖЖОКБҰ мен ғылыми ұйымдар ғылым және жоғары білім, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға, резидентураға және докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.";

Үлгілік қағидаларға 1, 1-1, 1-2 және 5-қосымшалар осы бұйрыққа 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Заң департаментіне

осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрінің міндетін атқарушысы

Т. Ешенкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрінің міндетін
атқарушысы
2023 жылғы 27 қазандағы
№ 547 бұйрыққа
1-қосымша
Жоғары білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
кабылдаудың үлгілік
қағидаларына
1-қосымша

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламалары топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы
Арнаулы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары	
B001	Педагогика және психология
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
B008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау
B009	Математика мұғалімдерін даярлау
B010	Физика мұғалімдерін даярлау
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау
B012	Химия мұғалімдерін даярлау
B013	Биология мұғалімдерін даярлау
B014	География мұғалімдерін даярлау
B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау

V019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
V020	Арнайы педагогика
V084	Мейіргер ісі
VM086	Медицина
VM087	Стоматология
VM088	Педиатрия
VM089	Медициналық-профилактикалық іс
Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары	
V004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау
V005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
V006	Музыка мұғалімдерін даярлау
V007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
V021	Орындаушылық өнер
V022	Музыкатану
V023	Режиссура, арт-менеджмент
V024	Өнертану
V025	Дирижирлеу
V026	Композиция
V027	Театр өнері
V028	Хореография
V029	Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс
V030	Бейнелеу өнері
V031	Сән, дизайн
V033	Дінтану және теология
V042	Журналистика және репортер ісі
V073	Сәулет
V092	Тынығу

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрінің міндетін
атқарушысы
2023 жылғы 27 қазандағы
№ 547 бұйрыққа
2-қосымша

Жоғары білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
2-қосымша

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу формасы

--	--	--

Білім беру бағдарламалары топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу формасы
1	2	3
Арнаулы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары		
B001	Педагогика және психология	Педагогикалық жағдаятты шешу
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогикалық жағдаятты шешу
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Педагогикалық жағдаятты шешу
